

**Аудан әкімі  
А. Смайыловтың  
аудандық газеттің  
90-жылдық  
мерейтойына арналған  
құттықтауы**

Құрметті аудан тұрғындары және «Bulandy Aqparat» газетінің ұжымы!

Сіздерді оқырмандардың сүйікті басылымына айналып, ауданның тыныс-тіршілігімен біте қайнасып, жаңалықтың жаршысына айналған «Bulandy Aqparat» газетіне 90 жыл толуымен шын жүректен құттықтаймын!

Тарихы 1935 жылдың наурыз айында бастау алып, «Колхозный набат», «Ленинский путь», «Согласие», «Вести Буланды жаршысы», «Буланды таңы» атауларымен жарық көрген басылым бүгінде «Bulandy Aqparat» газеті ауданымыздың өркендеуінің куәгері болып келеді.

Газет оқу — зиялылықтың белгісі. Ахмет Байтұрсынұовтың «Газет — халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деген сөзі бүгін де өзектілігін жойған жоқ. Қазіргі таңда ақпарат алмасудың заманауи тәсілдері де көп. Қазір айтылған ақпарат көзді ашып-жұмғанша сол мезетте-ақ ғаламтор, түрлі сайттар мен әлеуметтік желілер арқылы әлемге тарап жатады. Бірақ газет оқу мәдениеті — қашанда талғамы жоғары оқырманның талабы. Шынайы ақпарат. Байыпты сараптама. Нақты тұжырым. Таңбаланған тарих. Секунд сайын жаңарып тұратын сайттардан газетті айрықшалап тұратын негізгі басымдық — осы. Газетке басылатын сөздің мағынасы зор, ықпалы ерекше. Аудан азаматтарының ізгі істері, қоғамдағы өзекті мәселелер жайын газет бетінен табуға болады.

Осы мерейтойлық жылға орай, аудандық басылым беттерінде қолтаңбасын қалдырған ардагерлерді, журналисттер мен авторларды шын жүректен құттықтай отырып, мықты денсаулық, шығармашылық шабыт, табыс және қаламдарыңыздың ұштала беруін тілеймін!

**Уважаемый коллектив  
газеты «Bulandy Aqparat»!**

От имени районного маслихата и всех депутатов поздравляем вас с замечательным и значимым юбилеем 90-летию газеты! Это века, которая свидетельствует о многолетней и плодотворной работе на благо нашего района. Ваша газета является не только важным источником информации, но и связующим звеном между властью и жителями, благодаря вашему профессионализму и объективности.

На протяжении девяти десятилетий «Bulandy Aqparat» остаётся верным и надёжным партнёром в освещении самых важных событий, достижений и проблем, с которыми сталкиваются наши земляки. Ваш вклад в развитие местной культуры, просвещения и общественного сознания сложно переоценить.

Благодаря Вашему труду, люди получают актуальную информацию о жизни района, что способствует не только их информированности, но и укреплению чувства единства и общности. Вы воспитываете культуру общения, поддерживаете традиции и даёте возможность каждому высказать своё мнение.

С искренней благодарностью за вашу работу, преданность делу и за вклад в развитие нашего района, мы поздравляем вас с этим знаменательным событием. Пусть ваш труд приносит удовлетворение, а «Bulandy Aqparat» и дальше остаётся лучшим источником информации для всех жителей нашего района!

Желаем дальнейших успехов, творческих побед и новых достижений на пути служения обществу! Пусть в дальнейшем газета остаётся символом честности, профессионализма и высоких стандартов журналистики!

С юбилеем!

**Н. СЕКСЕНОВ, председатель  
районного маслихата.**

**Мемлекет басшысы 8 наурыз –  
Халықаралық әйелдер күніне арналған  
марапаттау рәсімінде сөз сөйледі**

Президент салтанатты іс-шараға жиналған барша қауымды көктем мерекесімен шын жүректен құттықтап, әлемге сүйіспеншілікпен қарайтын, жан-жағына жақсылық шарапатын сыйлап жүретін әйелдер қауымына жылы лебізін жеткізді.

– «Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді» деген сөз бекер айтылмаған. Әйел – шаңырақтың шырағы,

ұлттың ұйытқысы. Ана – тіршілік пен берекенің бастауы, адамзат бойындағы бар ізгіліктің қайнар көзі. Ананың аялы алақаны мен шексіз мейірімі әр үйге жылылық береді. Салт-дәстүріміз бен ана тіліміздің бүгінгі күнге жетуі де, ең алдымен, аналардың арқасы. Өмірдің мәні де, тіршіліктің сәні де – сіздер! Сондықтан, бүгінгі мейрамда барша ер-азаматтар өздеріңізге ақ тілегін арнап, ықылас-ілтұпатын

білдіріп жатыр. Солардың ішінде мен де Мемлекет басшысы ретінде әйелдерге тілегімді, лебізімді айтып тұрмын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы халқымызда ерлік пен елдіктің туын биік ұстаған арулар аз емес екенін алға тартып, олардың есімі ел шежіресіне алтын әріппен жазылғанын айтты.

**Жалғасы 2 бетте.**



**Воплощение нежности, силы,  
хрупкости, характера и мудрости**

Наступила весна, пора, которая дарит всем много солнца, тепла, любви. В первый весенний месяц наступает замечательный весенний праздник, наполненный особым теплом, добрыми словами, светлыми искренними чувствами – Международный женский день. Буландынская земля богата умными, талантливыми и красивыми женщинами, и перемены к лучшему в нем невозможны без прекрасного женского участия. Во многом благодаря женщинам развитие района по всем направлениям становится более гармоничным, сочетая в себе инновационные подходы и опору на традиции. Неимоверная энергия женщин – традиционных хранительниц домашнего очага, оптимизм, готовность браться за реше-

ние труднейших проблем, умение создать уют и комфорт, совмещать в себе прекрасного работника, любящую жену и мать помогают преодолевать все трудности.

Наш народ издревле воздавал почести матерям и превозносил роль женщин. Имена многих из них золотыми буквами вписаны в нашу историю.

Сегодня в Казахстане женщины реализуют себя в карьере, бизнесе, общественной деятельности. Многие успешно совмещают достижение личных целей с благородной миссией воспитания подрастающего поколения.

Торжественным собранием и прекрасной

концертной программой встретил Международный женский день Буландынский район. По традиции, праздничное мероприятие состоялось в преобразившемся концертном зале районного Дома культуры.

На торжественном собрании

приняли участие руководители и работники учреждений и организаций района, почетные ветераны, приглашенные гости.

Поздравил очаровательных виновниц торжества с праздничным днем аким района Ардак Смаилов.

**Продолжение на 2 стр.**



## Мемлекет басшысы 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған марапаттау рәсімінде сөз сөйледі

Жалғасы. Басы 1 бетте.

– Тұмар мен Бопай ханымдардың, Домалақ ана, Зере және Ұлпан аналардың, Әлия, Мәншүк, Хиуаз секілді батыр қыздарымыздың аты ел жадында. Сіздерді ақылы мен ажары, даналығы мен даралығы келіскен қазақ әйелінің ізбасары деуге болады. Әйелдер қауымы күрделі кезеңдерде аянбай еңбек етті, Отанымыздың өсіп-өркендеуіне белсене атсалысты. Ұрпақ тәрбиесі – ұлт тәрбиесі. Бүгінде сіздер санасы сергек, ойы азат ұрпақ өсіріп, Отанымыздың өркен жаюына айрықша үлес қосып келесіздер. Қазақстанның сан түрлі салада жетістікке жетуіне қыз-келіншектеріміз мол еңбек сіңірді. Бүгін Ақордаға шақырылған әйелдер арасында Отанымызға әр салада еңбек сіңірген білікті мамандар бар. Мен баршаңызға зор алғыс айтамын! – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше,

аналары алаңсыз қоғамда балалар да бақытты өмір сүреді. Бұл ретте Президент елімізде әйелдердің құқығын қорғау, оларды қолдау бағытында жүргізіліп жатқан игі істерге айрықша тоқталды.

– Ана мен баланың жағдайы дұрыс болса, әлеуметтің жағдайы да дұрыс болады. Сондықтан болашағын ойлаған ел, ең алдымен, әйелдердің жағдайын жақсартуды ойлайды. Мемлекетіміз әйелдерді барынша қорғауға және жан-жақты қолдауға баса мән береді. Осы бағытта нақты жұмыстар атқарылып жатыр. Менің тапсырмаммен отбасы институтын нығайтуды көздейтін маңызды шаралар қабылданды. Барлық аймақта қиын жағдайға тап болған отбасыларға қолдау көрсететін орталықтар ашылып жатыр. Көп балалы аналарды қолдаудың ұлттық моделі қалыптасты.

Соның арқасында жыл өткен сайын көп балалы отбасылардың саны артып келеді, – деді Мемлекет басшысы.

Президент қазір әйелдер түрлі салада табысты еңбек етіп жүргенін атап өтті.

– Мемлекеттік қызметшілердің жартысынан көбі – әйелдер. Білім беру, денсаулық сақтау саласындағы мамандардың 70 пайыздан астамы да – әйелдер қауымы. Сондай-ақ олар төтенше жағдайлар, қорғаныс және құқық қорғау органдарында табысты жұмыс істеп жүр. Көптеген әйелдер лауазымды қызметтер атқарады, Сіздердің араларыңызда да табысты басшылар аз емес. Қыз-келіншектер бизнесте де жетістікке жетіп жүр. Бойларыңыздағы мақсаткерлік пен жасампаздық қуаты ең батыл бастамаларыңызды жүзеге асыруға көмектесіп келеді. Берік азаматтық

ұстанымдарыңызды танытып, қоғамдық жұмысқа да жан-жақты атсалысыңыздар. Маңызды бастамалар мен халыққа қажетті әлеуметтік жобаларды іске асырып жүрсіздер. Қай іспен айналыссаңыздар да жауапкершілікпен қарап, ұдайы оң нәтижеге қол жеткізіп келесіздер. Әлемдік додаларда топ жарып, еліміздің абыройын асқақтатып жүрген аруларымыз да бар. Біз қажырлы еңбегімен, ерен ерлігімен танылған қыз-келіншектерді мақтан тұтамыз. Тәуелсіздік жылдары өз саласының үздігі атанған 8 әйелге «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы берілді, – деді Мемлекет басшысы.

Осы орайда Президент биыл елімізде «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жарияланып, білікті мамандардың мәртебесін көтеру үшін белсенді жұмыс жүргізіліп жатқанына назар аударды.

– Мысалы, мемлекеттік марапаттар жүйесіне жаңадан тоғыз құрметті атақ енгізілді. Бүгін осындай екі марапатты алғаш рет тапсырылады. «Қазақстанның еңбек сіңірген құрылысшысы» атағы еңбек ардагері Ольга Шелудькоға беріледі. Ал өндіріс озаты Майра Ерманова «Қазақстанның еңбек сіңірген өнеркәсіп қайраткері» атанып отыр. Осындай нағыз еңбек адамдарына бүкіл ел болып құрмет көрсетіп, оларды жан-жақты дәріптеуіміз керек. Жұмысшы мамандықтары жылының түпкі мәні де – осы, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Салтанатты жиында Мемлекет басшысы еліміздің дамуына елеулі еңбек сіңірген, өз саласында жоғары жетістікке жеткен бір топ әйел азаматқа мемлекеттік наградалар табыстады.

akorda.kz.

## Воплощение нежности, силы, хрупкости, характера и мудрости

Продолжение. Начало на 1 стр.

Глава района отметил высокую значимость Международного женского дня, подчеркнув, что женщина является хранительницей семейных ценностей, несет в мир гармонию, тепло, милосердие, надежду на лучшее будущее. Ардак Дулатович пожелал виновницам торжества крепкого здоровья, счастья, мира и благополучия.

После слов поздравлений и теплых пожеланий аким района приступил к церемонии награждения. В первую очередь на торжественную сцену была приглашена многодетная мама, домохозяйка, жительница села Капитоновка Оксана Чумакова, которой в торжественной обстановке была вручена государственная награда – «Күміс алқа». Благодарственным письмом акима Акмолинской области была награждена санитарка противотуберкулезного кабинета районной больницы Татьяна Водолазова.

И вот под несомлаемые аплодисменты зала на главной сцене района состоялось награждение званием «Почетный гражданин Буландынского района» двум прекрасным женщинам,

внесшим соизидательный вклад в социально-экономическое развитие района: председателю районного Совета ветеранов, ветерану государственной службы и труда, уроженке района Бигайше Туртановой и заместителю главного врача Буландынской районной больницы по лечебно-профилактической работе, Отличнику здравоохранения, ветерану сферы отечественной медицины Торгай Садвакасовой. Следует отметить, что звания «Почетный гражданин Буландынского района» впервые были удостоены представительницы прекрасного пола.

Благодарственными письмами за сохранение и соблюдение высококравственных и гуманных традиций, формирования и укрепления казахстанской идентичности, участие в общественной жизни района, ответственный и квалифицированный подход к работе в этот день были награждены представительницы прекрасного пола, работающие в различных сферах деятельности. Это: Елена Бокшан, инспектор отдела кадров ТОО «СХП Новобратское»; Светлана Максимова, социальный работник по



уходу за престарелыми и лицами с инвалидностью КГУ «Центр оказания специальных социальных услуг в условиях на дому»; Сағыныш Садыкова, секретарь председателя районного маслихата; Куаныш Кожаканова, учитель начальных классов школы № 1, с.Никольское; Марьям Мамлина, ТОО «Макинский завод теплоизоляции»; Айнажан Аубакирова, главный бухгалтер ТОО «Кредитное товарищество «Буланды»; Дарья Прилепко, методист КГУ «Специализированная буландынская детско-юношеская спортивная школа»; Дамира Алпысбаева, экономист ТОО «Макинская птицефабрика»; Салтанат Садвакасова, специалист обслуживания

населения НАО ГК «Правительство для граждан»; Кульзипа Бурумбаева, член Совета ветеранов Буландынского района; Ольга Прищепа, уборщица служебных помещений прокуратуры района; Галина Наумова, главный помощник помещения ясли-сада «Снежинка»; Алена Гуменная, шеф-повар ясли-сада «Балдырган»; Айгуль Есимова, главный специалист ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства»; Бахытхан Калиева, помощник воспитателя ясли-сада «Айголек». За годы работы эти женщины носили большой авторитет в коллективе, добросовестно выполняя профессиональные обязанности. Особым вниманием в этот день были отмечены

женщины – ветераны труда, что подчеркивает преемственность поколений.

Прекрасным праздничным подарком для виновниц торжества стала концертная программа: красивые песни о матери и женщине, яркие танцевальные и цирковые композиции, номера с оркестром сопровождалась бурными овациями зрительской аудитории.

Женщина – воплощение невероятной силы и хрупкости, характера и мудрости, самоотверженности и преданности. Пусть каждый день будет наполнен улыбками и теплом близки! Здоровья, радости и взаимопонимания!

А. АМАНЖОЛОВА.

## Құрметтің бәрі – әйелге...

Нәзік жандылар отбасының ырыс берекесін сақтап, өскелең ұрпаққа тәрбие берумен қатар, қоғамның сан түрлі саласында да белсенділік танытып келеді. Сондай-ақ, олар мейірім мен адамзат жанын шуаққа бөлейді. Көктемнің алғашқы шуақты мерекесі 8 наурыз-Халықаралық әйелдер күніне орай Макинск қаласының мектеп-лицейінде мерекелік іс-шара өз мәресіне жетті.

Білім ордасы бұл күні ерекше мерекелік атмосфераға бөленіп, мейрам иелеріне жүреқжарды ақ тілектер айтылып, адал еңбектің нәтижелері үшін салтанатты түрде алғыс хаттар табысталды. Ауданымыздың білім саласында еңбек етіп, өскелең ұрпақтың дамуына сүбелі үлес қосып келе жатқан нәзік жанды ұстаздарды аудан басшысы Ардақ Смайылов құттықтап, зор денсаулық, қажымас қайрат, жұмыста табыс пен отбасылық амандық тіледі.

Білім мекемелерінің дайындаған мерекелік

концерті барша көрерменнің көңілінен шығып, керемет көңіл-күй сыйлады. Осылайша, мейірімділік пен сұлулықтың, даналық пен рухани қуаттылықтың салтанат құрған күні білім саласының нәзік жанды қызметкерлері мен ардагерлерін ерекше құрметке бөледі.

\*\*\*

## Женщина – достояние нации

Весна начинается с очень трогательного и нежного праздника – Международного женского дня 8 Марта. В этот день особенные слова звучат для добрых и ласковых, отважных и одновременно ранимых, целеустремленных и волевых, энергичных и талантливых женщин. 8 марта – день, наполненный улыбками, цветами и поздравлениями. Каждая женщина в этот праздник удивительно

красива и неповторима.

Не секрет, что отечественная сфера образования представлена представителями прекрасного пола и действительность показывает, что женщины способны успешно покорять вершины знаний, обучать и воспитывать молодое поколение, рождают новые идеи и развивать потенциал будущих лидеров.

В школе-лицее г. Макинска состоялось праздничное мероприятие, организованное районным отделом образования, посвященное Международному женскому дню.

Гостей праздника встречали нежной цветочной фотозонкой, яркими шарами, детскими тематическими рисунками на стене, а мужчины-педагоги проводили виновниц торжества бурными аплодисментами через живой коридор до актового зала.

Поздравил представительниц прекрасного пола – педагогов и ветеранов сферы – с праздничным

днем аким района Ардак Смаилов, пожелав крепкого здоровья, долголетия, успехов в нелегком труде и семейного благополучия.

В торжественной обстановке, под аплодисменты зала, представительницы сферы были вручены благодарственные письма и цветы. Церемонию награждения провели аким района Ардак Смаилов и председатель Совета профсоюза работников образования Карлыгаш Байтемирова. Фабулу праздника раскрыла насыщенная концертная программа. Сцена засверкала от красоты костюмов, зал наполнился атмосферой творчества и талантов художественных коллективов, вокалистов организаций образования. Свои лучшие номера подарили гостям и самые юные артисты – воспитанники детских садов, а также учащаяся молодежь и педагоги. Под аккорды финальной песни прекрасным виновницам торжества были вручены цветы.

А. АМАНЖОЛОВА.





# МЕРЕКЕГЕ ТОЛЫ НАУРЫЗ – ПРАЗДНИЧНЫЙ МАРТ

## Мерекелік көңіл-күй үшін зор алғыс!

Айнакөл ауылының қымбатты, нәзік жанды, тартымды ханымдары мен ханшайымдары!

Шуақты көктемнің алғашқы мерекесі – Халықаралық әйелдер күніне орай Айнакөл орта мектебінде өте әдемі, көңілге жайлы, жылулық сыйлаған мерекелік іс-шара өз мәресіне жетті.

Осы шараны ұйымдастырып, мерекелеріне құрмет көрсетіп, көңілімізді аулаған кісілерге барша ауылдың нәзік жандылары атынан үлкен алғысымызды білдіргім келеді.

Мерекеге келген барша қонақтарды әдемі безендірілген мектептің кіре берісінде



құшақ жая қарсы алып, әрқайсымызға керемет көңіл-күй сыйлады. Айнакөл жалпы білім беретін мектептің ұжымына зор алғыс: мектеп директоры А. Ж. Сыздыкова, кәсіподақ басшысы А. Т. Аутаева, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Т. Рахматулина, жауапты аға вожатый Фарица Есенова, музыкант ұстаз А. А. Пернебаев, барша ұстаздарға, оқушыларға үлкен аналық батамызды беріп, алғыс айтамыз. Баршаңызға рахмет! Көңіліміз көтеріліп, марқайып қалдық! Ауылымызда баратын, бой сергітіп, демалатын жеріміз – ыстық үя мектебіміз! Биіктен көріне беріңіздер, білім ордасының абыройы асқақтай бергей!

**А. ЖЫЛҚЫБАЕВА,**  
педагогикалық еңбек ардагері.

## Ұлттық дәстүрлер мен рухани құндылықтардың жаңғыруы

**Көрісейік аман боп,  
Тыныш, бейбіт заман боп.  
Күндерге аман жетейік,  
Оңды басар қадам боп.  
Сыйластықта жүрейік,  
Сөз қадірін білейік.  
Көрісудің күнінде,  
Табысайық, күлейік...**

14 наурыз – қазақта көрісу күні, амал мерекесі. Бұл күнді Наурыз мейрамының бастауы деуге де болады. Адамның адаммен, жылдың жылмен көрісіп, қауышқан шағы бұл. Пенденің аузы аққа, мал аузы көкке тиген шақ. Наурыз – жаңару мейрамы. Хакім Абайдың өзі: «Қырдағы ел, ойдағы елмен араласып, күлімдесіп, көрісіп, мауқын басып» деп жырлаған.

Жалпы, бұл күн, әсіресе, қазақ халқы үшін үлкен маңызға ие. Дәстүрдің тарихына үңілетін болсақ, ертеректе көшпенді өмір сүрген ата-бабаларымыздың қыс айларында бір-бірімен көрісе алмай, көктем шығып, күн жылына бастағанда сағынысып, амандық-саулық сұрасуы дәстүр ретінде сақталып қалса керек. Бұл күні қазақ халқы бір-бірінің үйіне барып, бұрынғы өкпе-реніштерін ұмытып, құшақ жайып «Бір жасың құтты болсын!», «Амал мерекесі құтты болсын!» деп құттықтап, жақсылық тілеп жатады. Ең алдымен әулеттің үлкендеріне барып, сәлем беріп көрісіп жатады. Кәде-сыйларын беріп, көңілдерін аулап, жаңа жылдың келуіне

орай қуанышты екендерін білдіреді. Абай өзінің бір сөзінде: «Адамды сүй, Алланың құлы деп біл» деп көрсеткендей, көрісу тек қана сыртқы амандық емес, ішкі дүниемізді де тазартатын, мейірімге толтыратын рәсім.

Қазіргі таңда амал мерекесі көпшілікке жақсы таныс әрі кеңінен тойланатын мейрамға айналды. Қалалар мен ауылдарда бұл мереке әртүрлі атап өтіледі. Көптеген өңірлерде көрісу үйдің ішінде емес, далада немесе көшеде, көршілердің арасында жүзеге асырылады. Бұл адамдар арасындағы байланыстарды, көршілік қарым-қатынастарды нығайтуға бағытталған. Осыған орай, көрісу кезінде халық дастарқан жайып, қонақтарды күтіп алады, ұлттық тағамдар ұсынады. Соған қарамастан, мерекенің түпкі мәні өзгермейді, оның басты мақсаты – ізгілік пен мейірімділік, жақсылықты, бейбітшілікті дәріптеу.

Бұрынғыдай емес, қазіргі уақытта осы мереке аясында ұлттық өнер мен дәстүрді жаңғыртуға бағытталған іс-шаралар өткізіледі. Көрісу тек қана жекелеген адамдар арасында ғана емес, үлкен қоғамдастық арасында да жүзеге асырылады.

Амал мерекесі – тек дәстүрлер мен ұлттық құндылықтарды жаңғыртып қана қоймай, жастар арасында әлеуметтік жауапкершілікті арттырып, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға да зор

ықпал етеді. Бұл мереке қоғамды бір-біріне жақындастырып, достық пен ынтымақтастықтың нығаюына негіз болады. Мереке күндері өткізілетін іс-шаралар мен халықтық ойындар жастарға қазақ халқының мәдени мұрасын тереңірек танып-білуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, әрбір іс-шараның тәрбиелік мәні бар, ол жастарды өз халқына деген құрметке, әдет-ғұрыптарын сақтауға, оларды ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге бағыттайды.

Мереке кезінде әрбір жас, өзіне жүктелген үлкен міндеттер мен жауапкершіліктерді сезініп, қоғамдағы үйлесімділікті сақтауға атсалысады. Қоғамдық орындарда өткізілетін түрлі іс-шаралар адамдарды бір-біріне жақындатып, мереке рухын сезінуге, өзгелердің қуанышына ортақтасуға мүмкіндік береді. Мейірімділік пен сыйластықты қастерлей отырып, бұл күндерде бір-біріне көмек көрсету, қолдау білдіру, кешірім жасау, өкпелескендер арасында татуласу дәстүрлері жаңғырып, қоғамда толеранттылық пен түсіністік қалыптасады.

Мұндай мерекелер жастарды адамдық қасиеттерге баулып, оларды үлкендерге құрмет көрсету, өзара көмек көрсетуге, сондай-ақ ел бірлігі мен ұлтаралық татулықты нығайтуға тәрбиелейді. Жаңа жылға сеніммен, үмітпен қадам басуға мүмкіндік береді. Абай Құнанбаевтың сөздерімен айтқанда, «Өткен күндерге өкпелеме, болашаққа үмітпен қара» дегендей, Жыл басы — жаңа бастамалар мен қуанышқа толы күндерге жол ашады.

Бұл күн адамдардың рухани тазалығын, қарым-қатынастағы сыпайылық пен жанашырлықты арттыратын, ұлттық бірлікті нығайтатын маңызды мереке болып қала береді.

Барша Қазақстан халқын, соның ішінде Ақмолалықтарды Ақмола облысы Дін істері басқармасының «Конфессияаралық қатынастарды талдау және дамыту орталығы» КММ ұжымы және өз атынан Амал мерекесі – Көрісу күнімен құттықтаймын! Ықылым заманнан бері бабаларымыз бұл күнді «Амал келді, жыл келді» деп ерекше қуанышпен қарсы алған. Дәстүр бойынша осы күні қыстан аман шыққан жұртымыз төс қағысып көріскен. Жыл мерекелі де берекелі болсын!

**А. НҰРФАЛИЕВА, Ақмола облысы Дін істері басқармасының «Конфессияаралық қатынастарды талдау және дамыту орталығы» КММ маманы.**

## Балуан Шолақтың әншілік дәстүрі

«Мен халқымның Балуан Шолағым»-деп жырға қосқан Балуан Шолақ жайлы айтылар аңыз, шертілер сыр уақыт өтсе де толастамайды. Балуан Шолақтың батырлығы, ерлігі, алып күшімен қатар әншілік өнері де ел ішінде кеңінен тарады. Өзі ұстаз тұтқан Біржан сал, Ақан серінің әндерін орындап ғана қоймай өзі де: «Ащылы-айырық», «Балуан Шолақ», «Желдірме», «Дікілдек», «Көкшетау», «Қосалқа», «Қос барабан», «Қос перне», «Құлан кісінес», «Кенже қоңыр», «Ғалия», «Сентябрь» тағы басқа көптеген әндер шығарды. «Ғалия», «Сентябрь» әндері әлі күнге дейін ел ішінде кең таралып орындалып келеді. Белгілі музыка зерттеушіні А.В.Затаевич 1925 жылы «Қазақ халқының 1000 әні», 1931 жылы «Қазақтың 500 әні мен күйі» жинақтарын шығарды. Бірінші жинаққа Балуан Шолақтың 10 әні, екінші жинаққа 4 әні енген.

Балуан Шолақтың «...Шолақ» атануы жайлы Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі Совет Хамитұлының естелігінде Балуан Шолақтың Құдайберген деген баласынан туған немересі Айбат: «Атама байланысты көп әңгімелерді әкемнен еститінмін. Ол шындықты тура айтатын адам еді. Сонда білгенім, оның саусақтары үсіген емес, отқа күйген. Ол кезде киіз үйдің ортасындағы қазан-ошақта ас қамданады, су жылытылады. Әке-шешесі киіз үйден шыққанда Нұрмағамбетті (азан айтып қойған аты) киіз үйдің керегесіне жіп пен байлап кетеді екен, бір күні шешесі даладан келсе бала байлаудан шешіліп шығып, шоқпен ойнап отырады. Сөйтіп қолының қалай күйгенін де байқамай «шолақ» болып қалыпты», - дейді. Оған мына бір өлеңін дәлел қылса керек:

Мен өзім он жасымнан зор-ақ едім,  
Намаз бен оразаға олақ едім.

Барғанда о, дүниеге кешір Құдай,  
Оң қолым отқа күйген шолақ едім.

Ал, мен оқыған деректерде қолы үсіп қалып сосын «Шолақ» атанды делінген болатын. Оған:

Атандым Нұрмағамбет – Балуан Шолақ,

Бір қолым үсіп кетіп болды молақ.

Сұлу қыз, келіншекке тиышсыздауым.

Жалғыз-ақ тал бойымда мінім сол-ақ! - деген өлеңін алға тартар едім.

Тағы бір қызығы жазушы, тарих ғылымдарының кандидаты Бейбіт Қойшыбаев Балуан Шолақ жайлы жазған «Аңыз-ғұмыр» еңбегінде: «Балалық шағында бір оқыс оқиғаға ұшыраған екен. Құрбыларымен алау басында арқан тарту ойынын ойнап жүргенде, арқанның екінші ұшынан тырмыса тартысып тұрған құрбыларына бір өзі дес бермей, қарсыласып, арқанды қатты жұлқып қалғанда бар екпінімен отқа құлап, бір қолының саусақтарын күйдіріп алған көрінеді. Күйген қолы көпке дейін жазыла қоймай, шаруаның бәрін бір қолымен істеуге мәжбүр болған. Сонысына қарап балалар оны Шолақ деп атап кетті», - дейді. Иә, білгеніміден білмегеніміз көп. Балуан Шолақтың өміріне тереңірек үңілген сайын жаңа бір қырлары, сырлары ашыла түсер.

**С. НҰРЖАНОВ, домбыра сыныбының ұстазы.**

## «Граждане крыши» из Казахстана победили на международном фестивале в России


Фильм «Граждане крыши», созданный при поддержке Министерства культуры и информации РК и Государственного центра поддержки национального кино, одержал победу в номинации «Душа России. Мировое кино» на XXIII Международном фестивале кинематографических дебютов «Дух огня» в Ханты-Мансийске.

«Дух огня» - один из ведущих российских фестивалей, посвященных дебютному кино. Он является важной платформой для молодых и начинающих режиссеров. В этом году в конкурсе участвовали кинодебюты из 14 стран, включая Малайзию, Китай, Республику Корея, Японию, Таиланд, Иран, Индию, Сингапур и другие.

«Граждане крыши» - дебютная работа режиссера Гульшат Смагуловой, затрагивающая важные темы поиска себя, любви и силы человеческой доброты. Фильм рассказывает о том, как случайные встречи и поступки могут существенно изменить судьбу человека и помочь ему найти свое место в мире.

Приз Фонда «Росконгресс» был присужден картине за её способность объединять культурные и исторические ценности, трансформируя их в современный визуальный и смысловой контекст.

**Пресс-служба Министерства культуры и информации РК.**



# МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ – ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПОЛИТИКА

## АХАТ – адам өмірінің куәгері

5 наурыз – Қазақстанда АХАТ қызметкерлері күні атап өтілді. Осыған орай елордадағы салтанат залында бүгінгі таңда еңбек етіп жатқан қызметкерлер мен ардагерлер, сондай-ақ отбасылық өмірдің мерейтой иелері мен жас жұбайлар жиналды.

Іс-шара барысында «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясының Басқарма Төрағасы Арман Кенжеғалиев қызметкерлер мен ардагерлерге олардың өлшеусіз еңбегі, кәсібилігі мен адалдығы үшін алғыс білдірді. Одан кейін ортаға Мендельсон маршының сүйемелдеуімен жарты гасырлық және ширек гасырлық отбасылық өмірді артқа тастаған жұптар шақырылды. Оларға «Азаматтарға арналған үкімет елтаңбалы мөрі қойылған неке куәлігінің телнұсқасы табысталды. Өз кезегінде мерейтой иелері отбасылық өмірге қадам басқан жас жанұяға жылулық пен берекені бейнелейтін Отау – киіз үйді сыйға тартты.

«АХАТ қызметкерлерінің жұмысы – қоғам үшін аса маңызды. Мәселен, 2024 жылы 125 544 неке тіркеліп, 388 032 сәбиге туу туралы куәлік берілді. Ал жыл басынан бері 16 023 неке мен 56 629 туу тіркелді. Естеріңізге сала кетейін, 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап АХАТ бөлімдері «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясының қарамағына берілді», – деді «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» Басқарма төрағасы Арман Кенжеғалиев.

Айта кетейік, бұл күні тек елордада ғана емес, бүкіл ел бойынша жүйедегі қызметкерлерді марапаттауға арналған салтанатты іс-шаралар өтті. Оларға ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің, Мемлекеттік қызметтер комитетінің құрмет грамоталары мен «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясының Басқарма Төрағасының алғыс хаттары табыс етілді. Жалпы, Қазақстан бойынша 47 қызметкер марапатталды.

Бүгінде еліміздегі АХАТ жүйесінде 825 қызметкер еңбек етеді. Олар мемлекет үшін аса маңызды функция – адамның өміріндегі басты оқиғаларды, соның ішінде тууды, некені, бала асырап алуды және өзге де тіркеулерді қамтамасыз етеді.

**«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы KEAҚ.**

## РАГСы – свидетели всей жизни человека



5 марта в Казахстане отметили День сотрудников РАГС. В связи с этим в столичном зале торжеств собрались действующие работники и ветераны системы, а также юбиляры семейной жизни и молодожены.

В ходе мероприятия Председатель Правления Госкорпорации Арман Кенжеғалиев выразил благодарность сотрудникам и ветеранам за их неоценимый вклад, профессионализм и преданность делу. После этого под марш Мендельсона были приглашены юбиляры семейной жизни с полувековой и четвертьвековой историей. Пары получили дубликаты свидетельств о браке с гербовой печатью «Правительства для граждан». Затем они вручили вновь образовавшейся молодой семье Отау – юрту, символизирующую теплый семейный очаг.

«Работа сотрудников РАГС имеет огромное значение для общества. Так, например, в 2024 году нами было зарегистрировано 125 544 брака и выдано 388 032 свидетельства о рождении детей. А с начала текущего года уже оформлено 16 023 брака и 56 629 рождений. Напомню, что отделы РАГС были переданы в ведение Госкорпорации «Правительство для граждан» 1 июля 2023 года», – сказал Председатель Правления НАО «Правительство для граждан» Арман Кенжеғалиев.

К слову, в этот день не только в столице, но и по всей стране состоялись торжественные мероприятия, на которых были отмечены действующие работники системы. Им были вручены почетные грамоты Министра цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК, Комитета государственных услуг МЦРИ-АП и благодарственные письма Председателя Правления НАО «Госкорпорация «Правительство для граждан». Всего по Казахстану наградили 47 человек.

Отметим, на сегодняшний день в системе РАГС страны трудится 825 сотрудников. Они обеспечивают важнейшую функцию государства – регистрацию таких событий как рождение, брак, усыновление и так далее.

**НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан».**

## Набор на контрактную службу

Объединенный отдел по делам обороны Буландынского района и района Биржан Сал проводит набор на воинскую службу по контракту в ВС РК:

Требования, предъявляемые к лицам, поступающим на воинскую службу по контракту: иметь гражданство Республики Казахстан; контракт заключается с гражданами РК не моложе 19 лет, за исключением курсантов, и не старше возраста на пять лет младше придельного возраста состояния на воинской службе в зависимости от воинского звания, установленного настоящим Законом РК «О воинской службе и статусе военнослужащих» № 561 от 16.02.2012 года; отслужившие срочную воинскую службу, либо прошедшие обучение на военной кафедре высшего учебного заведения или военной подготовке в специализированных организациях Министерства обороны по подготовке военно-обученного резерва; контракт о прохождении воинской службы может заключаться, как с мужчинами, так и с женщинами на 3;5;10 лет с правом продления срока контракта до достижения придельного возраста.

Военнослужащие по контракту Вооруженных Сил Республики Казахстана имеют достойную заработную плату, социальный пакет. Офицеры, сержанты и рядовые, получают денежную компенсацию за аренду жилья. В условиях контракта содержится право гражданства на соблюдение его прав и прав членов его семьи, включая получение льгот, бесплатном медицинском обеспечении и другим социальным гарантиям в соответствии с Законом Республики Казахстан.

Проводится набор на воинскую службу по контракту сержантского и рядового составов в воинские части регионального командования «Астана расположены в городах: Караганда в/ч 46298, 85510, 31775, г.Приозерск в/ч 06705, 18405, пгт.Спасск в/ч3635,г.Абай в/ч 35835,г.Костанай в/ч 99260.

Проводится отбор по контракту офицеров запаса медицинского состава для комплектования вакантных должностей в воинскую часть 55209 г.Акколь и вакантных должностей рядового состава в воинскую часть 75488 г.Актау, Карагандинскую область г.Сарань в/ч 44803

Желающие служить на контрактной основе могут обратиться по адресу: Объединенный отдел по делам обороны Буландынского района и района Биржан Сал, г.Макинск, ул.Сейфуллина 3, кабинеты № 7, 8; тел: 2-34-33, где можно получить более подробную информацию. При себе нужно иметь: удостоверение личности, военный билет.

**А. МУХАНЖАНОВ, начальник Объединенного отдела по делам обороны Буландынского района и района Биржан Сал.**

## Приглашают военные ВУЗы РК

Выбор профессии – один из самых ответственных этапов в жизни каждого человека. Поэтому очень важно сделать правильный выбор, найти то единственное дело, которое бы приносило наибольшее удовлетворение человеку и в котором бы он полностью раскрыл себя и свои возможности.

Профессия офицера – романтическая и поистине героическая, но в то же время одна из самых сложных, требующая большой нервно-психической устойчивости и моральной подготовки, высоких личностных качеств. Человек, решивший стать кадровым военным, полностью посвящает свою жизнь армии. Вот почему решение юноши стать офицером должно отличаться сознанием большой важности и значимости предприняемого шага.

Юноша! От тебя во многом зависит, кем ты станешь, какой оставишь след в жизни, какую пользу принесешь Родине. В военно-учебные заведения РК принимаются юноши в возрасте от 17 лет до 21 года, отвечающие всем требованиям профессионального отбора, изъявившие желание обучаться в высшем военном учебном заведении и посвятить свою жизнь военной службе. Профессиональный отбор кандидатов в военно-учебные заведения осуществляет-

ся путем всесторонней оценки личности по следующим показателям: моральные качества и общественная активность, военно-профессиональная направленность и индивидуальные психологические качества, состояние здоровья, физическая подготовленность и общеобразовательная подготовка.

Юноши, желающие поступить в военно-учебные заведения, подают заявления по месту жительства в районные отделы по делам обороны до 1 апреля года поступления. В заявлении указывается фамилия, имя, отчество, год и месяц рождения, адрес места жительства, наименование военного вуза и факультет. Вне конкурса при успешной сдаче единого национального тестирования (ЕНТ 50 баллов и выше) и соответствии другим требованиям профессионального отбора принимаются юноши из числа сирот или оставшиеся без попечения родителей. Срок обучения в высшем военно-учебном заведении зачисляется в общий стаж работы. За время обучения курсантам ежегодно предоставляется двухнедельный каникулярный отпуск в зимнее время и месячный отпуск летом с бесплатным проездом к месту проведения отпуска и обратно.

Начиная со дня поступления и до окончания у, курсанты находятся на полном государственном обеспечении. Окончившим высшее военно-учебное заведение присваивается воинское звание лейтенант, выдается нагрудной знак и диплом о высшем образовании.

Офицерскому корпусу принадлежит решающая роль в выполнении задач, стоящих перед Вооруженными Силами по защите независимости Родины и территориальной целостности государства. В настоящее время в стране действуют следующие военно-учебные заведения:

Военный институт Сухопутных войск имени Сагадата Нурмагамбетова г. Алматы по специальностям: менеджмент в военном деле; социальная и идеологическая работа в воинском коллективе; логистика в военном деле; инженерные системы и сети в военном деле.

Военный институт Сил Воздушной обороны имени Талгата Бегельдинова г. Актөбе по специальностям: летная эксплуатация воздушных судов в государственной авиации; авиационная техника и технологии в государственной авиации; летная эксплуатация беспилотных летательных аппаратов; военная медицина.

Военно-инженерный институт радиоэлектроники и связи г. Алматы по специальностям: радионавигация в военном деле; радиотехника и инжиниринг в военном деле; радиоэлектроника и инжиниринг в военном деле; инфокоммуникационные технологии в военном деле; автоматизация и управление в военном деле; системы информационной безопасности в военном деле.

Военный колледж Министерства обороны РК имени Ш.Уалиханова г. Щучинск по специальности менеджмент младшего звена в военном деле.

По всем интересующим вопросам обращаться в объединенный отдел по делам обороны Буландынского района и района Биржан сал по тел.: 2-34-33.

## Сапасыз жөндеу жүргізілді. Не істеу керек?

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі-ҚР АҚ) 635-бабының 1-тармағына сәйкес Сіз өз таңдауыңыз бойынша мердігерден мынадай талаптарды орындауды талап етуге құқығыңыз бар:

- а) ақылға қонымды мерзімде жұмыстың кемшіліктерін өтеусіз жою;
  - б) жұмыс үшін белгіленген бағаны пропорционалды түрде азайту;
  - с) кемшіліктерді жою нәтижесінде сіздің шығындарыңызды өтеу.
- Келтірілген мүліктік зиянды өтеу үшін Сіз мердігерге «тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 42-4-бабына сәйкес жазбаша шағыммен жүгінуіңіз қажет. Шағым жеке өзі тапсырылуы немесе ол туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен жіберілуі тиіс шағыммен Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментіне E-Otinish сервисі арқылы шағыммен жүгіну.

Мердігер бұзушылықтарды жоюдан және келтірілген мүліктік зиянды өз еркімен өтеуден, сондай-ақ дауды сотқа дейінгі реттеуден бас тартады, жалпы юрисдикция сотына талап арызбен жүгіну қажет.

**Ақмола облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті.**  
\* \* \*

## Сделали не качественный ремонт. Что делать?

В соответствии пунктом 1 статьи 635 Гражданского кодекса Республики Казахстан (далее ГК РК) Вы в праве по своему выбору потребовать у подрядчика выполнить следующие требования:

- а) безвозмездно устранить недостатки работы в разумный срок;
- б) соразмерного уменьшить установленную за работу цену;
- с) возместить Ваши расходы понесенные в результате устранения недостатков.

Для возмещения причиненного имущественного вреда Вам необходимо обратиться к подрядчику с письменной претензией в соответствии со статьей 42-4 Закона Республики Казахстан «О защите прав потребителей». Претензия должна быть вручена лично или направлена заказным письмом с уведомлением о получении с жалобой в Департамент торговли и защиты прав потребителей Министерства торговли и интеграции Республики Казахстан по Ақмолинской области, через сервис e-Otinish.

Подрядчик откажется устранить нарушения и возместить в добровольном порядке причиненный имущественный вред, а также от досудебного урегулирования спора, необходимо обратиться с иском в суд общей юрисдикции.

**Департамент торговли и защиты прав потребителей по Ақмолинской области.**





